

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	ӘТЖД ТЖБ	Тәлімгерлік туралы ереже

Басқарманың 03.05 2024ж.
 шешімі
 № 15 хаттамасымен
 Бекітілген

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ Тәлімгерлік туралы ереже

Қолдану мерзімі « <u>03</u> » <u>05</u> 20 <u>24</u> ж. бастап « <u>03</u> » <u>05</u> 20 <u>27</u> ж. дейін	Ұзарту мерзімі «__» _____ 20__ ж. дейін	Мәртебесі: Әрекеттегі <input type="checkbox"/> Ескірген <input type="checkbox"/>
Алдыңғы ескірген құжат: Ректордың 15.03.2017ж. № 119 бұйрығының Басқарма басшысы-Ректордың <u>03.05.24</u> ж. № <u>14</u> бұйрығы	Құжатты басқаруға жауапты тұлғаның қолы	Код № ВП-09-01 08 Көшірме № Дананың № <u>СВР</u>

Алматы – 2024ж.





КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

Атауы	Құрылымдық бөлімшенің атауы	Жауапты тұлғаның Т.А.Ә., қолы, виза қойған күні	Нақты орындаушының лауазымы, Т.А.Ә., қолы, виза қойған күні
ӘЗІРЛЕУ	Тәрбие жұмысы бөлімінің басшысы	Байғараев Ж.А. <i>[Signature]</i> «29» 02 2024 ж.	Сейтова И.А. <i>[Signature]</i> «29» 02 2024 ж.
	Проректор	Қалматаева Ж.А. <i>[Signature]</i> «05» 04 2024 ж.	«__»__ 20__ ж.
	Проректор	Датхаев У.М. <i>[Signature]</i> «28» 03 2024 ж.	«__»__ 20__ ж.
	Атқарушы директор	Лахов С.В. <i>[Signature]</i> «11» 03 2024 ж.	«__»__ 20__ ж.
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің басшысы	Әнуар Ә.Ә. <i>[Signature]</i> «11» 03 2024 ж.	«__»__ 20__ ж.
	Заң департаменті басшысының міндетін атқарушы	Ахмет А.Н. <i>[Signature]</i> «11» 03 2024 ж.	<i>[Signature]</i> «11» 03 2024 ж.
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаментінің басшысы	Абдрахманова З.Б. <i>[Signature]</i> «11» 03 2024 ж.	«__»__ 20__ ж.
	Адам ресурстарын дамыту департаментінің басшысы	Нағасбекова Б.С. <i>[Signature]</i> «11» 03 2024 ж.	«__»__ 20__ ж.
	Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы	Жангирбаев М.Т. <i>[Signature]</i> «11» 03 2024 ж.	«__»__ 20__ ж.
ТІРКЕУ	Персоналды есепке алу басқармасы	Сапакова М.М. «__»__ 20__ ж.	«__»__ 20__ ж.

Тексергі: Сағабенова И.М. *[Signature]*



Мазмұны

1. Жалпы ережелер	4
1.1. Қолданылу саласы	4
1.2. Нормативтік сілтемелер	4
1.3. Терминдер мен анықтамалар, қысқартулар	4
2. Тәлімгер мен эдвайзердің максаттары мен міндеттері	5
3. Тәлімгер мен эдвайзердің құқықтары мен міндеттері	7
4. Біліктілік талаптары	8
5. Университет тәлімгерлерінің кеңесі	9
6. Жауапкершілік	9
7. Қорытынды ережелер	9
8. Өзгерістерді тіркеу парағы	10
9. Танысу парағы	11

1. Жалпы ережелер

1.1. Қолданылу саласы

- 1) Осы «С.Ж. Асфендияров атындағы Ұлттық медицина университеті» КЕАҚ тәлімгерлік туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) тәлімгерлер мен эдвайзерлер қызметінің тәртібі мен ұйымдастырылуын, сондай-ақ олардың «С.Ж. Асфендияров атындағы Ұлттық медицина университеті» КЕАҚ (бұдан әрі - Университет) құқықтары мен міндеттерін айқындайтын негізгі нормативтік құжат болып табылады.
- 2) Осы Ережені іс жүзінде іске асыруға әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті жауапты болып табылады.
- 3) Университеттің білім беру процесіне жауапты құрылымдық бөлімшелері (мектептер деканаттары мен факультеттер, кафедралар) және профессор-оқытушылар құрамы осы Ережені міндетті түрде сақтайды.
- 4) «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ білім алушылардың ішкі тәртіп ережелеріне» қолданылады.
- 5) Медицина қызметкерін кәсіптік даярлау жүйесінде білім алушылармен тәрбие жұмысы Университет қызметінің басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылады, сондықтан оқыту мен тәрбиелеудің бірлігін қамтамасыз ету, сондай-ақ оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыру мақсатында әрбір академиялық топта тәлімгер немесе эдвайзер тағайындалады.
- 6) Ереже, сондай-ақ Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Университет Басқармасының шешімімен бекітіледі.
- 7) ISO 37001 халықаралық стандартын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын, университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын және Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын;

1.2. Нормативтік сілтемелер

Осы Ереже мынадай нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

- 1) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III ҚР Заңы;
- 2) «С.Ж. Асфендияров атындағы Ұлттық медицина университеті» КЕАҚ Жарғысы;
- 3) Университеттің академиялық саясаты.

1.3. Терминдер мен анықтамалар, қысқартулар

Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар, қысқартулар пайдаланылды:

ЖЖБҰ – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;

ЖОЖ – жеке оқу жоспары;

тәлімгер – Университеттің білім беру кеңістігінде академиялық топты сүйемелдеуді жүзеге асыратын, білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру жөніндегі қызметіне және тұлғалық-кәсіптік даму процесіне тәлімгерлік ететін оқытушы;

білім беру қызметі – білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогикалық негізделген, дәйекті өзара әрекеттесу процесі, оның барысында жеке тұлғаны оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешіледі;



білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау критерийлерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені;

оқушы – білім беру бағдарламалары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үшін ЖЖБҰ белгіленген тәртіппен қабылданған тұлға. Білім алушыларға: студенттер, магистранттар, курсанттар, докторанттар, тыңдаушылар және білім алушылардың басқа да санаттары жатады;

ТЖБ – тәрбие жұмысы бөлімі;

ӨТЖД – Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті;

оқытушы – бір нәрсені оқытумен айналысатын педагог (әдетте орта арнайы немесе жоғары оқу орнында);

ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы. Профессор-оқытушылар құрамына: кафедра меңгерушісі, профессор, доцент, дәріскер, ассистент, клиникалық тәлімгер, ментор.

тәлімгердің жұмысы – оқу-тәрбие процесінің құрамдас бөлігі, «Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы» бөлімінде жеке жоспарда көзделген оқытушының қызметтік міндеті;

тәлімгерлер кеңесі – ЖОО тәрбие процесін басқару жүйесіне кіретін, академиялық топ тәлімгерлерінің әдістемелік қызметі мен ұйымдастыру жұмысын үйлестіретін кеңесші орган;

УСҰ – Университеттің студенттік үкіметі;

ЖСБ – жастар саясаты басқармасы;

эдвайзер (Advisor) – тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері қызметін атқаратын, траекторияны таңдауға (жеке жоспарды қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын меңгеруге жәрдемдесетін оқытушы.

ТДМ – Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) (англ. Sustainable Development Goals (SDGs)) — 2015 жылғы БҰҰ Бас Ассамблеясы «барлығы үшін жақсырақ және тұрақтырақ болашаққа қол жеткізудің жоспары» ретінде әзірленген өзара байланысты 17 мақсаттың жиынтығы болып табылады

2. Тәлімгер мен эдвайзердің мақсаттары мен міндеттері

2.1. Тәлімгер мен эдвайзер қызметінің басты мақсаты білім алушылардың адамгершілік, зияткерлік, мәдени, дене дамуына және олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға негізделген тәрбиелеу және оқыту болып табылады.

2.2. Тәлімгерлік 1-ші курс пен 2 курс аралығында студенттердің академиялық топтарына бекітіледі, ал, 3-ші курстан бастап оқу бағыттары бойынша бейіндік пәндер кафедраларының эдвайзерлері мен оқытушылары тағайындалады.

2.3. Тәлімгер мен эдвайзер қызметінің міндеттері:

1) Тәлімгер мен эдвайзердің негізгі міндеті студенттерге студенттердің құқықтары мен міндеттерімен, Университеттегі оқу және сабақтан тыс үдерістерді ұйымдастыру ережелерімен танысуға көмектесу және оларды қазіргі еңбек нарығының ерекшеліктері туралы ақпараттандыру болып табылады.



- 2) болашақ дәрігерлер ретінде азаматтық жетілу мен қоғам алдындағы жауапкершілікті қалыптастыру;
 - 3) білім алушылардың оқу жағдайларына бейімделуіне жәрдемдесу, ЖОО бағдарламасын, өзіндік жұмыс әдістерін меңгеруге көмек көрсету;
 - 4) білім алушылардың жеке басын өзін-өзі жүзеге асыру, зияткерлік және рухани әлеуетін арттыру үшін жағдайлар жасау;
 - 5) білім алушылардың ішкі тәртіп қағидаларымен танысу және олардың сақталуын бақылау;
 - 6) адамгершілік ұстанымға: адамгершілік пен әдептілікке, жеке адамның құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеу;
 - 7) мәдени құндылықтарға баулу, руханиятқа тәрбиелену;
 - 8) білім алушыларда салауатты өмір салтының басымдығын қалыптастыру;
 - 9) академиялық топ ұжымын қалыптастыру, академиялық топтың көшбасшылары мен активтерін анықтауға ықпал ету, әуесқойлық пен бастаманы ынталандыру, корпоративтік рухты қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады.
 - 10) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының, Қазақстан Республикасының ішкі нормативтік құжаттары мен заңнамалық актілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде талаптарын сақтау.
 - 11) ЖОЖ (Жеке оқу жоспары) құрастыру және пәндерге тіркелу студент пен эдвайзердің бірлескен жұмысы болып табылады. Бұл жұмыс процесінде эдвайзер ББП(білім беру процессінің) талаптарын, университеттің саясаты мен процедураларын білуі керек.
 - 12) Эдвайзер оқу бағытын таңдауға көмектеседі және болашақ мамандығына қажетті дағдыларды, дағдылар және құзыреттерді таңдауға басшылық жасайды, білім алушылардың жеке бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері бойынша кеңес береді.
- 2.4. Академиялық топтардың тәлімгері мен эдвайзерін тағайындау мектеп/факультет деканының өкімімен оқу жылының барлық кезеңіне оқу жылының басында жүргізіледі. Тәлімгерлер мен эдвайзерлер жоғары оқу орнының жұмыс тәжірибесі бар штаттық ПОҚ қатарынан тағайындалады.
- 2.5. Топтардағы тәлімгерлер мен эдвайзерлерді ауыстыру ерекше жағдайларда ғана жүргізіледі: қызметкердің жұмыстан шығу жағдайында және тәлімгерлер мен эдвайзерлердің өз міндеттерін орындамаған жағдайда босату себептерін міндетті түрде көрсете отырып, мектеп/факультет деканының өкімімен жүргізіледі.
- 2.6. Академиялық топтың тәлімгері мен эдвайзері әлеуметтік-тәрбие жұмыстар департаментінің ТЖБ және мектептер деканаты/факультеттер деканының орынбасарымен және УСҮ тығыз байланыста болып, білім алушылардың ата-аналарымен, сондай-ақ топта сабақ жүргізетін оқытушылармен өзара іс-қимыл жасай отырып жұмыс істейді.
- 2.7. Мектеп деканаттары/факультеттер Университеттің Тәлімгерлер кеңесімен бірлесіп тәлімгерлер мен эдвайзерлердің қызметін үйлестіреді және бақылайды.



2.8. Тәлімгер мен эдвайзердің жұмысы Университеттің ғылыми-педагогикалық кадрларын бағалауға қатысу үшін берілген сипаттамада көрінеді.

2.9. Тағайындаған тәлімгерлер мен эдвайзерлер үшін осы кафедра оқытушыларының жұмысын бақылауды қамтамасыз етуге кафедра меңгерушісі дербес жауапты болады.

3. Тәлімгер мен эдвайзердің құқықтары мен міндеттері

3.1. Академиялық топтың тәлімгері, эдвайзері құқылы:

- 1) Жатақханада тұратын студенттердің оқу-тәрбие жұмысын, мәдени-тұрмыстық жағдайларын ұйымдастыруды жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 2) Белгіленген тәртіппен ерекшеленген білім алушыларды көтермелеу және/немесе құқық бұзушылықтар жасаған туралы өтінішхат беру;
- 3) Академиялық топтардың өміріне байланысты барлық мәселелерді шешуге белсенді қатысу;
- 4) Деканаттардан берілетін барлық қажетті мәліметтерді және HERO Study жүйесіндегі студенттің жеке мәліметтеріне (төлқұжат мәліметтері, сабақ кестесі, баға журналы, сабаққа қатысуы, тұрғылықты мекен-жайы) рұқсат алуға толықтай құқылы, пайдалана алады;
- 5) Білім алушылардың ата-аналарымен немесе туыстарымен байланыста болу;
- 6) Студенттік өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысу, топ студенттерін осы органдардың жұмысында жедел тапсырмаларды орындауға тарту, өзін-өзі басқару органдарына сайлау үшін білім алушылардың кандидатураларын ұсыну.

3.2. Тәлімгер, эдвайзер міндетті:

- 1) Оқу жылының басында білім алушыларды Ішкі оқу тәртібі ережелерімен, Университет білім алушыларының академиялық адалдық Кодексімен және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ білім, ғылым және жастар саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық актілермен таныстыру;
- 2) Білім алушыларды Университеттің құрылу тарихымен, оның негізгі қызмет бағыттарымен, дәстүрлерімен және құндылықтарымен таныстыру, Университет тарихы мұражайына экскурсия ұйымдастыру, білім алушыларды Университеттің құндылықтары мен дәстүрлеріне, корпоративтік мәдениетке баулу;
- 3) Білім алушыларды Университетте жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдар, шығармашылық үйірмелер, спорт секциялары, қызығушылық клубтары туралы, кітапхана жұмысы және кітапхана қорын пайдалану тәртібі туралы, білім беру бағдарламаларын игеру жөніндегі қызметті ұйымдастыру туралы хабарлар ету;
- 4) Университетте оқуға бейімделуде қиындықтары бар білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу;
- 5) Студенттердің ата-аналарымен байланыс орнату және қолдау, олардың үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы мәліметтерді уақтылы жеткізу.
- 6) «Д» есебінде тұрған білім алушылар, жетімдер және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедектігі бар студенттер, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан студенттер туралы ақпаратты меңгеру;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	ӘТЖД ТЖБ	Тәлімгерлік туралы ереже	Редакциясы: 1
			11 беттің 8 беті

- 7) Студенттерге таңдалған мамандыққа бейімделуде психологиялық-педагогикалық, консультациялық, ұйымдастырушылық көмек көрсету;
- 8) Университет дәстүрлерін сақтау және көбейту бойынша іс-шараларды өткізуде студенттердің қызметін қолдау.
- 9) Студенттерді волонтерлік қозғалыстарға, және Тұрақты даму мақсаттарының(ТДМ) бағыттары бойынша іс-шараларды ұйымдастыруға, әлеуметтік жобаларға, профессорлардың қатысуымен қалалық және республикалық деңгейде әлеуметтік мінез-құлықтың алдын алу және салауатты өмір салтын (СӨС) насихаттау жөніндегі жұмысқа тарту;
- 10) Келесі құжаттаманы уактылы жүргізу: жылдық жұмыс жоспары, тоқсандық есеп және жарты жылдық есеп, жылдық есеп.
- 11) Тәлімгер мен эдвайзер жұмысының негізгі қағидаттарын сақтау: кәсіпқойлық, жауапкершілік, толеранттылық.
- 12) Университет басшылығын ақпараттандыру үдерісін сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын бұзу әлеуетті немесе орын алғаны туралы, мүдделер қақтығысын шешу ережелерін, жемқорлық тәуекелдерін және оқиғаларын, және Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау;
- 13) Университет басшылығынан немесе комплаенс қызметінен сыбайлас жемқорлыққа байланысты болуы мүмкін мәселе немесе жағдай туындаған жағдайда не істеу керектігі туралы кеңестер алу.
- 14) Университеттің басқаруына жататын сыбайлас жемқорлықтың ықтимал тәуекелдері бар кез келген операцияға қатысудан негізделген бас тартуға.
- 15) Паракорлықтың немесе университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және мүдделер қақтығысын шешу ережелерін бұзу әрекеттерінің, нақты немесе болжамды жағдайларының болуына шынайы сенімділігіне немесе адал ниетпен жасалған хабарламаларға.

4. Біліктілік талаптары

4.1. Тәлімгер мен эдвайзерге келесі біліктілік талаптары қойылады:

- 1) Жоғары кәсіптік немесе педагогикалық білімнің болуы және Университетте кемінде 1(бір) жыл үздіксіз жұмыс өтілі;
- 2) Мемлекеттік тілді меңгеру және атқаратын лауазымы мен құжаттамамен жұмыс шеңберінде мамандығы бойынша мемлекеттік және шет тілін толыққанды қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ететін кәсіби деңгейде неғұрлым кең таралған шет тілдерінің бірі артықшылық болып табылады;
- 3) Ол келесі қасиеттерге ие болуға тиіс: қайраттылық, тіл тапқыштық, жақсы ұйымдастырушылық қабілет;
- 4) Тәлімгерлер мен эдвайзерлерді іріктеуді тиісті мектептердің/факультеттердің декандары жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес болған кезде жүргізеді және ағымдағы оқу жылына мектеп/факультет деканының өкімімен тағайындалады;
- 5) Таңдалған тәлімгерлердің ішінен мектептердің/факультеттердің аға тәлімгерлері тағайындалады.



5. Университет тәлімгерлерінің кеңесі

5.1. Университеттің тәлімгерлер кеңесі мектеп/факультет тәлімгерлерінің жұмысын үйлестіреді, әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдауды қамтамасыз етеді;

5.2. Университеттің Тәлімгерлер кеңесінің құрамына аға тәлімгерлер, профессорлар, мектептердің/факультеттердің тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасарлары және әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаментінің қызметкерлері кіреді.

5.3. Тәлімгерлер кеңесінің төрағасы болып тәлімгерлік ететін проректор немесе ӘТЖД тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімінің басшысы тағайындалады.

5.4. Тәлімгерлер кеңесінің отырысы 2 айда 1 рет өткізіледі.

5.5. Тәлімгерлер кеңесі мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) тәлімгерлер мен эдвайзерлердің жұмысын үйлестіру және бақылау;
- 2) тәлімгерлердің жұмысын талдау және мониторинг жүргізу;
- 3) тәлімгерлер мен эдвайзерлерге тәжірибе алмасу және тәрбие жұмысының жаңа нысандары мен әдістерін пайдалану бойынша семинарлар, шеберлік-кластарын ұйымдастыру;
- 4) білім алушылармен тәрбие жұмысының әдістемелік мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу.

6. Жауапкершілік

6.1. Мектеп/факультет декандары осы Ережеге сәйкес тәлімгерлер мен эдвайзерлердің өздеріне жүктелген міндеттерді тиісті сапада және уақтылы орындауын қамтамасыз етуге жауапты.

6.2. Тиісті деканаттар Тәлімгерлер кеңесімен бірлесіп тәлімгерлер мен эдвайзерлердің қызметін үйлестіруді, талдауды, бақылауды, мониторингі жүзеге асырады.

6.3. Тәлімгерлер мен эдвайзерлердің жұмысын бағалау оқу-тәрбие мәселелерін шешуде тәлімгер мен эдвайзердің белсенділігін ескере отырып, семестр соңында академиялық топтың оқу, ғылыми және тәрбие жұмысын кешенді талдау негізінде жүргізіледі.

6.4. ӘТЖД тәрбие жұмысы бөлімі Университет деканаттарымен бірлесіп тәлімгерлер мен эдвайзерлердің қызметін талдауды және бағалауды жүзеге асырады.

6.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының, мүдделер қақтығысын шешу қағидаларының, Қазақстан Республикасының ішкі нормативтік құжаттары мен заңнамалық актілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігіндегі талаптарын сақтау.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Ереже «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ ПОҚ тәрбие жұмысын реттейтін Университеттің ішкі нормативтік құжаттарының құрамдас бөлігі болып табылады.



7.2. Осы Ережеде тәлімгерлер мен эдвайзерлердің қызметін ұйымдастыру тәртібі мен шарттарына, сондай-ақ олардың Университеттің жалпы құрылымындағы құқықтары мен міндеттеріне қатысты негізгі нормалар айқындалған, олар белгіленген тәртіппен шығарылған Университеттің ішкі нормативтік құжаттарының, шешімдерінің және ұйымдастырушылық-өкімдік актілерінің негізінде Университеттің өндірістік-шаруашылық қызметі процесінде өзгертілуі және/немесе толықтырылуы мүмкін.

7.3. Осы Ереженің орындалуын бақылау тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім басшысына жүктеледі, ол барлық мүдделі тұлғаларды Ережемен таныстырады және оны уактылы өзектендіруге бастамашылық етеді.

